2014 жылы КПО Қазақстандағы 2013 жылдың тұрақты дамуы жөнінде жасалған жаңа G4 нұсқасы талаптарына сәйкес жасалған. Есебін жариялаған алғашқы компаниялардың бірі болды. Есептегі мәліметтердің анықтығына ЕУ компаниясы тәуелсіз растау ұсынып отыр.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласының жеңімпаздары жарияланды

2015 жылдың 5 маусымында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы жеңімпаздарының марапаттау рәсімін өткізді. Онда БүкілӘлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған экологиялық видеороликтер байқауының және 2015 жылдың I жартыжылдығы бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалары бағдарламасы бойынша жеңімпаздардың аттары жарияланды. Марапаттау рәсімі Ақсай қаласындағы «Номад» ресторанында өтті.

Экологиялық байқау шеңберінде КПО-ның 3 директорынан 13 тапсырыс түскен. Бұл жұмыстарды тәуелсіз төрешілер алқасы мүшелері қараған. Байқау нәтижесін шығару барысында мыналар назарға алынған: экологиялық талапқа сайлығы, ықпал ету деңгейі мен көкейтестілігі, идеяның ерекшелігі, дыбысы мен видеоэффектінің болуы. Қоршаған ортаға құрметпен қарауға насихаттауы.

КПО компаниясының басшылығы жеңімпаздарды құттықтайды және барлық қатысушыларға осы экологиялық науқанға қызығушылық танытқаны және белсенді қолдағандары үшін алғыс айтады.

1. Дауыс беру қорытындысы бойынша байқау жеңімпаздары болып:

а) «Экологиялық кинематограф»



категориясы бойынша:

I орын (\$500) - Егор Филатов - далалық инженер, «Вэлтек» мердігерлік компаниясы,

II орын (\$250) - Айтуған Хажин – энергожинақтау желісі бойынша аға инженер, өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі.

III место (\$100) - Ержан Мурзағалиев - инженер-техник, «Нұрғаз-құрылыс мердігерлік компаниясы».

б) «Үздік анимациялық жұмыс»:

I орын (\$500) - Мейрлан Туреғалиев - заңгер, заң бөлімі.



с) «Кәсіби экологтардан экологиялық кинематограф» категориясы бойынша:

I орын (\$500) - Павел Казанцев - ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша үйлестіруші, «Вэлтек» мердігерлік компаниясы;

II орын (\$250) - Юрий Колесников және Әділ Маканов - техника қауіпсіздігі бойынша жетекші инженер/ тыныс алу және өлшеу құралдарын жөндеу мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі учаске бастығы, өндірістік директораттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі.

III место (\$100) – Юрий Колесников – техника қауіпсіздігі бойынша жетекші инженер, өндірістік директораттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімі.

Ұйымдастырушылар ұсынылған видеороликтердің дұрыстығына, дәлдігі мен анықтығына жауап бермейді.

2. 2015 жылдың I жартыжылдығы бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкалары бағдарламасы бойынша жеңімпаздар:

а) «Қауіпті факторды үздік бақылау (жоюмен бірге)» категория-



сы бойынша:

I орын (\$500) - Жеңісбек Қуанов - оператор, өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі, УКПГ-3;

II орын (\$250) - Асланбек Акашев - жұмысшы, «СайПар» мердігерлік компаниясы;

III место (\$100) - Данияр Тлепов

- кеңсе үйлестірушісі, «АйТиЭл» мердігерлік компаниясы;

Мақтауға тұрарлық бақылау - Рустембек Утепов - ұңғымаларға қызмет көрсету супервайзерінің ассистенті.

б) «Іс-әрекетті үздік бақылау (әрекет етумен бірге)» категориясы бойынша:

I орын (\$500) - Игорь Воронов – КИПиА супервайзері, өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі;

II орын (\$250) - Светлана Ребикова – аудармашы,

III место (\$100) - Алибек Мукашев - далалық инженер, «Шлюмберже» мердігерлік компаниясы;

с) «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында үздік инновациялық ұсыныс» категориясы бойынша:

I орын (\$500) - Қуаныш Кукенов – оператор, өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі, УКПГ-3;

II орын (\$250) - Талғат Бекетов - технологиялық жабдықтар операторы, «КазТрансОйл» мердігерлік компаниясы;

d) «Жүргізуші кәсібилігінің үздік көрсеткіші»:

I орын (\$500) - Берік Есенбеков – жүргізуші, «Карьера» агенттігі, инфрақұрылым және сервистік қызмет көрсету бөлімі.

ЕҚ, ҚТ және Біртұтас өндіріс басқарушылары барлық жеңімпаздарды лайықты жеңістерімен құттықтап, КПО-ның әрбір қызметкерін қоршаған ортаны қорғау шараларына және КПО-да қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған шараларға белсенді қатысуға шақырады.





КПО қоғамдық тыңдау өткізді

Аудандық әкімдіктің үлкен залында 4 маусымда өткізілген қоғамдық тыңдау КПО-ның 2015 жылғы шілде-желтоқсан айларындағы қоршаған ортаны қорғау шаралары Жоспарын талқылауға арналды.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Қайрат Утегеновтың төрағалық етуімен өткен қоғамдық тыңдауға БҚО экология департаментінің, тұтынушалар құқығын қорғау департаментінің, Бөрлі аудандық әкімдігінің өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, кен орнына жақын орналасқан селолық округтердің қоғамдық ұйым өкілдері, Березов селосының бастамашыл топтарының мүшелері, сол сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысты.

Қоршаған ортаны қорғау шараларының Жоспары Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сай, сол сияқты

компанияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелері шеңберінде жасақталған. Жоспар технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені.

Қоғамдық тыңдауда үш мәселе қаралды: КПО-ның 2015 жылғы шілде-желтоқсан айларындағы қоршаған ортаны қорғау шаралары Жоспарымен танысу, Жоспарды талқылау, қоғамдық тыңдаудың шешімін шығару. Жиналғандар алдында сөз сөйлеген өндіріс жөніндегі директордың міндетін атқарушы Роберт Стефенс былай деп атап айтты:

Қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету мәселелері КПО Б.В. компаниясының Қарашығанақ мұнай газ конденсатты кен орнындағы табысты қызметінің

басымдылығы және шешуші факторлары болып табылады. КПО-ның 1998 жылдан бері қазіргі уақытқа дейін Қарашығанақ кен орнының операторы ретіндегі өндірістік қызметінде компанияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әртүрлі шараларын жүзеге асыруға жұмсалған инвестиция көлемінің жалпы құны 44.2 миллиард теңге. (300 миллиондай АҚШ доллары).

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сай, сол сияқты компанияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелері шеңберінде жасақталған қоршаған ортаны қорғау шараларының Жоспары алдағы жарты жыл ішінде ҚМГКК-н қоршаған ортаға зиян келтірмей және қауіпсіздік техникасының жоғары деңгейін сақтай отырып, тиімді пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

КПО-ның 2015 жылғы шілде-желтоқсан айларындағы қоршаған ортаны қорғау шаралары Жоспарын ұсына отырып, КПО-ның экологиялық

мәліметтер басқару жөніндегі сектор бастығы Ирина Бахтиозина технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені құжатының барлық бөлімдеріне жеке-жеке тоқталып өтті.

КПО-ның 2015 жылғы шілде-желтоқсан айларындағы Қарашығанақ мұнай газ конденсатты кен орнына арналған қоршаған ортаны қорғау шараларына 1,8 млрд. теңгенің (9.9 миллион доллар) 28 шарасы кіреді – деп атап өтті И. Бахтиозина. - жоспарланған шаралардың жүзеге асырылуы ауаны ластаушы заттардың және парниктік газдардың ауаға лақтырылуын қысқартуға, энергоресурстарды барынша тиімді пайдалануға және бүкіл кәсіпорынның энерго тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сол сияқты өндірістік қажеттілікке табиғи көздердің суын пайдалануды азайтуға, ұңғымалар құрылысы кезінде және өндірістік нысандарды

салу барысында бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіруге көмектеседі. Сол сияқты жоспар бойынша ұсынылып отырған шаралар өндірістік қалдықтарды азайтуға және оны орналастыру көлемін қысқартуға бағытталған. Жоспардың орындалуы Қарашығанақ кен орнында және оған жақын орналасқан аймақта аң-құстар мен өсімдіктердің сирек кездесетін түрлерінің көбеюін сақтауға көмектеседі.

КПО-ның ұсынып отырған қоршаған ортаны қорғау шаралары Жоспарын талқылау шеңберінде ҚМГКК айналасында тұратын тұрғындардың денсаулығын қорғау мәселесіне мұқият қарау туралы ұсыныспен Березов селосының бастамашыл топ мүшесі М.Ирмекенов пен еңбек ардагері Қ. Ғұсмановтар сөз сөйледі. «КПО-ның 2015 жылғы шілде-желтоқсан айларындағы қоршаған ортаны қорғау шараларының Жоспары» таныстырылымы табысты өтті. Жоспар қоғамдық ұйымдардың қолдауына ие болды.



Көшетін күн де алыс емес

24 маусым күні Березов селосында аудан басшыларының жергілікті тұрғындармен кездесуі болып өтті, онда ҚМГКК маңайындағы санитарлық-қорғаныш аймағының кеңейтілуіне байланысты, село тұрғындарының көшуі жайлы сөз болды. Селолықтармен амандасқан Бөрлі ауданының әкімі Марат Түсіпқалиев былай деп хабарлады:



2015 жылдың 18 мамырында Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің тұтынушылар құқығын қорғау комитеті ҚМГКК операторы – КПО Б.В. компаниясының өндірістік қызметінің кеңейтілуі жоспарланылуына байланысты Қарашығанақ мұнай газ конденсатты кен орны маңайындағы санитарлық-қорғаныш аймағының жобасы үшін

есеп тұжырымын ұсынған болатын. Санитарлық-қорғаныш аймағына Бестау және Березов селолары кірді. Қазір біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталған селолардың тұрғындарын экологиялық қауіпсіз аудандарға көшіру туралы Қаулысының қабылдануын күтудеміз. Осыған байланысты біз осы кездесуді ұйымдастырдық. Кездесу барысында арнайы жасақталған көшу бағдарламасымен таныстырмақшымыз.

Көшу мерзімі мен кезеңдері туралы аудан әкімінің орынбасары Қайрат Өтегенов нақтылай айтып берді. Ол көшу бағдарламасы 2 кезеңнен тұратынын хабарлады. Бірінші кезеңді жүзеге асыру үшін Березов тұрғындарының Ақсай қаласындағы көп пәтерлі үйлерге осы жылдың төртінші тоқсанында көшірілуі көзделген. Бұл жерде тұрғындардың әлеуметтік нашар қамтылған бөлігіне басымдылық беріледі деп атап өтті Қ. Утегенов. Екінші кезеңді жүзеге асыру 2016 жылдың аяғына деп белгіленген.

Бұл кезеңде де тұрғындарды көшіру Ақсай қаласының көп пәтерлі үйлеріне және Аралтал мен Бөрлі селоларына көшіру арқылы жүзеге асырылады - деп хабарлады Қ. Өтегенов. Көшіретін орынның тандалуы жайдан жай емес: егер Ақсай қаласынан пәтер алуға деген қажеттілік басым түссе, онда біз қысқа уақыттың ішінде жаңа көп пәтерлі үйді, дәлірек айтқанда қолымызда бар жобадағы 75 пәтерлік үйді тұрғызатын мүмкіндігіміз бар. Ал Аралтал туралы айтсам: біздің қолымызда осы ауданды жаңадан өркендетудің детальды жоспары бар. Бүгінгі таңда инфрақұрылымдық желінің жұмысы басталды, болашақта әлеуметтік маңызды нысандар тұрғызылады деп жоспарланды: мектептер, балабақшалар, қызмет көрсету мекемелері. Бөрлі селосы экологиялық тартымды аймақта, республикалық және аудандық маңызы бар жолдардың қиылысында, облыс орталығынан да, аудан орталығынан да қашық емес жерде орналасқан, көптеген мемлекеттік бағдарламаларды (селоны дамыту,

кәсіпкерлікті дамыту және т.б.) жүзеге асыруда тірек болып табылады. Сол сияқты көшу бағдарламасы тәуелсіз бағалау компаниясы анықтаған мүліктің нарықтық құны бойынша өтем ақы төлеуді де қарастырады.



Қ. Өтегенов тұрғын үй алу тәртібін және барлық өтініштер мен ұсыныстарды қарау үшін болашақта арнайы комиссия құрылатынын және ол комиссияның құрамына Березов селосының тұрғындары да кіргізілетінін хабарлады.

КПО Б.В. компаниясы көшірумен айналысқан кезде халықаралық нормалар мен стандарттардың сақталуы үшін ERM Халықаралық консалтингтік компаниясы осы іске тартылды, олар 28 маусымнан бастап Березовта өз жұмыстарын бастайды – деп атап айтты аудан әкімі М. Түсіпқалиев.

Осы компанияның өкілі жақын арада сауалнама қағаздары арқылы әрбір үйге әлеуметтік-экономикалық зерттеу жасалатынын, соның қорытындысы бойынша село тұрғындары қажеттілігінің толық картинасы құрастырылады.



Осылайша сіздердің үй шаруашылықтарыңыздың қазіргі жай-күйі бойынша, березовтіктердің әлеуметтік-тұрмыстық деңгейі бойынша болашақта бәрі ескерілуі

үшін және сіздерге лайықты тұрғын үй беру мен онда тұруға жағдай жасау үшін жағдайдың детальды картинасы құрастырылады. Яғни айтқанда, сіздердің жағдайларыңыз қазіргіден төмен болмауы үшін - деп хабарлады ERM өкілі.

Березов селосының көшірілуінің жауапкершілігі толықтай Бөрлі ауданының әкімдігінде, бағалау компаниясын да «Қызмет көрсету мен тауарлар туралы» Заңға сәйкес аудандық әкімдік анықтайды.

КПО компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қарашығанақ кен орны маңайындағы санитарлық-қорғаныш аймағының кеңейтілуі туралы шешімін - ол жерді болашақта игеру үшін қуана қабылдап отыр.

КПО компаниясының бас директоры Ринато Мароли: «Біздің жұмысымызда қауіпсіздік бірінші орында тұрады және біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қарашығанақ кен орны маңайындағы санитарлық-қорғаныш аймағының кеңейтілуі туралы шешімін толықтай қолдаймыз. КПО және әріптес-компаниялар жергілікті ұйымдарға Березов және Бестау селосы тұрғындарын көшіруді ұйымдастыру мен оны табысты жүзеге асыруда көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдіреді. Бұл үшін біз барлық қажетті ресурстарды бөлеміз және бұл процесс ең үздік халықаралық стандарттар талабына сай өтуі үшін жетекші халықаралық эксперттерді де жұмысқа тартатын боламыз» – деді.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың сөзі бойынша Батыс Қазақстан облысының Березов ауылы тұрғындарының ауруының басты себебі угарлы газдан улану болып табылады. Онда біздің экологтар, басқа да мамандар, психологтар жұмыс жасады. Ауаға әсер ету байқалған жоқ. Біздегі мәліметтер бойынша мектепке жақын жерге орналасқан қазандық үйінің әсері бар, өйткені оның түтін тұрбасы стандарттарға сай емес - деді Б.Сапарбаев.

Балалар қауіпсіздігі басты назарда

КПО компаниясы Бөрлі ауданының бірқатар жергілікті компанияларымен бірге Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеуге белсенді атсалысты. КПО, «АвтомагАқсай», «Автодом», «Ақсайгазсервис», және «МонтажСпецСтрой» компанияларының ұйымдастыруымен «Біз балаларымыздың қауіпсіз болашағы үшін!» - ұранымен балаларға арналған мерекелік іс-шаралар оздырылды.

Балалар мерекесінің бағдарламасындағы түрлі жарыстарға кішкентай ақсайлықтар белсене қатысты. «Бағдаршамның викторинасын» «Автомаг Ақсай» және КПО қызметкерлері ұйымдастырып, өткізді. Асфальтқа сурет салу байқауын «Автодом» компаниясының қызметкерлері қадағалады. Мәнерлеп оқу байқауын «МонтажСпецСтрой» компаниясының өкілдері бағалап, «Ақсайгазсервис» компаниясы жол белгілері туралы викторина өткізсе, сондай-ақ жас инспекторлар топтық жол жүрісі ережелерін білуін және сақтау туралы балалардың хабардарлығын арттыруға бағытталған көрсеткіштік бағдарламасымен таныстырды.

Айта кетерлігі, жалпы 1 маусым күні ХҚКО ғимаратының алдында өткізілген барлық шара осы тақырыпқа бағытталған.

Сервистік қызмет көрсету директоры К. Секит шараға қатысушы балалар мен олардың ата-



аналарын құттықтап, қазіргі таңда әлем бойынша балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, соның ішінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты назарда екенін айтты.

Секит мырза өз сөзін былай сабақтады:

- Жол ережесін білмеу немесе жол қозғалысы ережелерін сақтамау барлық жастағы адамдар үшін зиянды. Сондықтан, мұндай ойын-сауық іс-шаралар - балаларды қорғау тәсілдерінің бірі және КПО әлеуметтік жауапкершілік саясат шеңберінде осы мәселеге баса назар аударады.

Алайда, бұл балалар мерекесінде күрделі немесе құрғақ ақыл делінетін

әңгімелер болған жоқ. Сайыстар мен ойындарды Көңілді сайқымазақтар, Үлкен бағдаршамдар мен тапқыр жүргізушілер жүргізді. Көптеген концерттік номерлерді қаламыздың шығармашылық топтары, өнерлі балалар өздері орындады.

Осы күні ұйымдастырушылардың және демеуші компаниялардың арқасында балалардың барлығы да сыйлықтан құралақан қалмады. Балалар сыйлық ретінде ойыншықтар, оқу құралдары секілді өздеріне қажет нәрселерді ересектерден сыйға алды. Сондай-ақ, жол қозғалысы қауіпсіздігі бөлімі және КПО-ның корпоративтік қауіпсіздік техникасы бөлімінің қызметкерлері қатысушыларға жарық шағылдырғыш элементтер – фликерлер таратты.

Атап айта кетерлігі, КПО компаниясы компания ішінде ғана емес, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың да жол қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі. Бірнеше жыл қатарынан КПО компаниясында «Жол қауіпсіздігі науқаны» бағдарламасы жүзеге асырылып, жол қауіпсіздігі туралы танымдық іс - шаралар, әуенді ойындар мен спектакль түріндегі шаралар, сурет салу байқауы мен фликерлер табыстау шаралары өткізіліп келеді. Бағдарламаның басты мақсаты оқушылар арасындағы жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауды жақсарту және балалар мен жасөспірімдер жарақатының алдын алу.



Жоғары марапатқа лайық

конфедерациясының жетекшісі Владимир Щербакөвтың қолы қойылған Құрмет грамотасы және Күміс белгісімен Т.К. Кенесовты марапаттау үшін КПО қызметкерлерінің желілік кәсіподақ ұйымына, сіздің қалаңызға келгенімізге қуаныштымыз, - деді Е.Е. Мустафина.



- Әлеуметтік әріптестік қарым-қатынастарды құру, жұмыс берушімен сындарлы диалог орнату, адамдарды өзіңе сендіре білу және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғай білу - бұл оңай емес, бірақ біз білеміз - Т.К. Кенесов үшін осы міндеттердің орындалуы міндетті. Т.К. Кенесов кәсіподақ төрағасы болып жұмыс істей отырып, тұтастай саладағы кәсіподақтық қозғалысты дамытуға зор үлес қосып келеді, ҚМГКК жұмысшыларының құқықтық, әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауға көп көңіл бөледі. КПО-ның кәсіподақ ұйымы қызметкерлерінің «Сала көшбасшысы 2014» ұлттық сертификатымен марапатталуы және кәсіподақтар қызметі бойынша БҚО көлемінде жүргізілген рейтингте алдыңғы қатардан көрінуі кездейсоқтық емес, - деп атап айтты Е.Мустафина өз құттықтау сөзінде.

КПО-ның кәсіподақ комитетінің төрағасы Төлеуғали Кеңесов жоғары марапатқа - кәсіподақтар қозғалысына сіңірген еңбегі үшін ТМД елдерінің кәсіподақтар Конфедерациясының Күміс белгісіне ие болды.

Марапаттау салтанаты 2 маусым күні Ақсай қаласында өтті. Марапаттау рәсімінде салалық «Казнефтегазпрофсоюз» төрағасының орынбасары Елена Мустафина Төлеуғали Қушпанұлы Кеңесовтың осы саланың ірі кәсіподақ бірлестігінің жұмысының қалыптасуына, ілгерілеуіне және жемісті еңбек етуіне қосқан үлесін атап көрсетті.

- «Кәсіподақтар қозғалысының құрылғанының 110-жылдығы қарсаңында және Қазақстандағы кәсіподақтар күні мерекесінің алдында ТМД елдерінің кәсіподақтар

Марапатты қабылдау сәтінде Т. Кенесов былай деді:

«Бұл марапат – ұжымдық еңбектің жемісі. Әсіресе, өзімнің әріптестерім мен пікірлестеріме – цехтық кәсіподақ ұйымы төрағаларына еңбек ұжымдарында өздеріне жүктеген міндеттерді жүзеге асыру барысындағы күнделікті жұмыстарыңыз үшін, өзара түсіністік пен ынтымақтастықтарыңыз үшін ерекше алғысымды білдіргім келеді».

Төтенше қызмет көрсету дәрігері, КПО-ның денсаулықты қорғау қызметкерлері кәсіподағының цехтық комитетінің төрайымы Айгуль Кукашева мен КПО компаниясының ұңғымалардың тұтастығын қамтамасыз ету бойынша инженер, КПО-ның геология және ұңғымалық операциялар бөлімінің қызметкерлері кәсіподағының цехтық комитетінің төрағасы Бауыржан Карибай Қарашығанақ кен орнының ашылғанына 35-жыл толуына орай және кен орнының пайдалануға берілуінің 30-жылдығы мен Каспий құбыртасымалдау консорциумына қосылғанына 10 жылдық мерейлі даталарға орай кәсіподақ жұмысына белсенді атсалысқаны үшін мақтау қағаздарымен марапатталды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қосқан үлесі үшін УКПГ-2 операторлары марапатталды

2015 жылдың 18 маусым күні УКПГ-2 орналасқан өндірістік нысандарды КПО-ның бас директоры бастаған компанияның басшыларының аралауы кезінде екі УКПГ-2 операторына, атап айтқанда Сыроваткин Евгений мен Альжанов Анатолийге КПО-ның бас директоры Ренато Мароли өз қолымен алғыс хат тапсырды.

Марапат олардың қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлестері үшін және УКПГ-2-де 2015 жылдың 22 мамырында авариялық жағдайда әрекет ету оқу-жаттығуы кезінде кісіге көмек көрсетіп, өздерінің байқампаздықты арқылы жауапкершілік танытқандары үшін берілді. Жәбір көруші құлап, жиналу пунктіне бара жатқанда өзін жайсыз сезінген АГС-тің 25 жастағы қызметкері болатын. Оны Евгений мен Анатолий УКПГ-2 медициналық пунктке жеткізіп, көмек көрсетті. Дәрігерлік байқау қорытындысы



бойынша денсаулығына көп зиян келмегендіктен, қызметкер келесі күні жұмысына оралды.

КПО-ның бас директоры Евгений мен Анатолийдің дер кезінде көрсеткен көмектері үшін ерекше алғыс айтып, екі операторды жалпы құны 1000 АҚШ долларына тең чекпен марапаттады. Олардың байқампаздығы мен жасаған жақсы әрекеттері осы оқиғадан кейін болуы мүмкін бірқатар жайлардың алдын алуда шешуші фактор болды.

КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдармен өткізген форумы

2015 жылдың 10 шілдесінде «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдармен форум өткізді. Форум жұмысына 30 шақты қазақстандық және шетелдік мердігерлік компаниялардың өкілдері қатысты. Форумның тақырыбы «Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережесін сақтаудағы тиімді мәдениетті қалыптастыруда көшбасшының ролі» деп белгіленген болатын.

Форумның ашылуында ЕҚ, ҚТ және ӨБ басқарушысы Мурад Хан сөз сөйлеп, форумның барлық қатысушыларына осы шараға қатысу арқылы өздерінің еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарайтындықтарын көрсеткендері үшін алғыс айтты.

Форумның ашылуында сөз сөйлеген КПО-ның бас директоры Ренато Мароли былай деді: «Қауіпті факторлар туралы хабардар болып отыру кез-келген мұнайгаз компаниясының басты міндеттерінің бірі. Біз қазір қауіпті факторлар мен одан туындайтын жағдайларға басты назар аударуымыз керек. Қазіргі мұнайгаз саласындағы кездесіп отырған шақыртулар біздің қауіпті факторлар бойынша көбірек хабардар болып отыру мәселесін қадағалауға тиістілігімізді көрсетеді».

«Өз ұйымында қауіпсіздік мәдениетін сақтауды қалыптастыру барысында басшы маңызды роль



атқарады. Сіздердің бәріңіз басшысыздар, сондықтан мен осы ролдің қаншалықты маңызды екенін түсінетіндеріңізге және алған мәдениетін қалыптастыру мен белсенді қолдау барысында қолданатындарыңызға сенемін» - деп қосып айтты Ренато Мароли.

Форум барысында «Мердігерлік ұйымдар супер-вайзерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында құзырлығы мен олардың 2014 жылғы міндеттемелерін бағалау» атты таныстырылым жасалды. Таныстырым аяқталған соң, мердігерлік ұйымдардағы барлық орта буындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша басшылардың құзырлығын арттыру бағдарламасы бойынша 2014 жылдың қорытындысы ұсынылды. Өткен жылы 25 мердігерлік ұйым осы бағдарламаны орындау жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдағанын естеріңізге саламыз.

Бағдарлама шеңберінде мердігерлік ұйымдар барлық орта буындағы басшылардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ-дың 10 өте маңызды салалары бойынша құзырлығына бағалау жасады және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша білім деңгейлерін көтеру үшін қажетті оқумен қамтамасыз етті.

Аталған міндеттемелерді 2014 жылы орындаған барлық мердігерлік ұйымдар КПО басшылығынан ескерткіш сыйлықтар алды.

Сонымен бірге форумда «КПО-мен бірге қауіпсіз» бағдарламасы шеңберінде ҚТ жөніндегі фильмді орыс және ағылшын тілдерінде қарап, талқыға салды. Талқылау барысында мердігерлік ұйымдар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша көшбасшылықта жоғары көрсеткіштерге жету үшін жеке ұсыныстары мен әсерлерімен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

Бағдарлама шеңберінде мердігерлік ұйымдар мен КПО өкілдері ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша көшбасшылық диалогтік картасына қатысуға мүмкіндік алды. Диалогтік карта ұйымның міндеті мен іскерлік стратегиясын табысты жүзеге асыру үшін қажетті құндылықтар мен іс-әрекет принциптерін қалыптастыру мақсатында дайындалған.

Диалогтік картаның басты мақсаты – қызметкерлерге өз идеяларымен бөлісуге көмектесу.

Бұдан басқа мердігерлік ұйымдардың басшылары 2015 жылға ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласына деген жеке адалдықтары туралы құжатқа қол қойды. Форумның аяқталуында КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ӨБ басқарушысы Мурад Хан сөз сөйлеп, форумның барлық қатысушыларына осы шараға белсене қатысқандары үшін алғыс айтты. Сонымен бірге мердігерлік ұйымдармен бірге өткізілген форум ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне нақты көңіл аудару үшін және жұмыс орындарында қауіпсіздікті жақсартудың ерекше мүмкіндігі екенін атап көрсетті.



КПО-да қазақ күресінен турнир өткізілді

Мамыр айының 6-шы жұлдызы күні Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай Қазақша күрестен ардагерлер және жастар арасында ашық турнир өтті.

Жарыста көптеген белді-белді палуан аға-інілеріміз тамаша өнер көрсетіп, көрермендердің көзайымына айналды. Атап айтсақ, Орал қаласынан келген Қазақша күрестен және Самбо күресінен әлемнің 7 мәрте жеңімпазы атанған Құрмашов Қазболат, 68 келі салмақта тамаша өнер көрсетіп, жарысымыздың биік тұғырына көтерілді және «Ең үздік Палуан» деген атаққа ие болды.

Жастар арасында:

68 келіге дейін салмақта;
I орын - Аринов Елдос (КРО)
II орын - Ажғалиев Айдос
III орын - Төлепбергенов Заманбек

74 келіге дейін салмақта;

I орын - Төлепбергенов Темирлан
II орын - Шарипов Қайрат
III орын - Қуатов Алтынбек

85 келіге дейін салмақта;

I орын - Жамбулов Асқар
II орын - Ташимов Азамат
III орын - Көлбай Темирлан

Ардагерлер арасында:

68 келіге дейін салмақта;
I орын - Құрмашов Қазболат
II орын - Нұрғали Асқар
III орын - Репченко Сергей (КРО)

74 келіге дейін салмақта;

I орын - Исанов Армат

II орын - Жұмағалиев Сағиден
III орын - Мендіғалиев Әлибек
+85 келіден жоғары;
I орын - Есендияров Қаймен
II орын - Доссалиев Махамбет (КРО)
III орын - Ғабдуллин Қасымхан
Жақында, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында өткен Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай

Дзюдо күресінен Батыс Қазақстан облысы чемпионатына, КПО Б.В. мекемесінен палуанымыз және жас маман Ақан Кармиов қатысып, III ші жүлделі орынға ие болды. Ақанды осы жүлдесімен құттықтай отырып, жұмысына жеміс және алдағы үлкен жарыстарда жақсы нәтиже көрсетеді деп сенеміз.



Karachaganak partners and KazRosGas agree major gas deal



On 12 June 2015 KazRosGas, LLP and Karachaganak Petroleum Operating B.V. have announced that the Karachaganak partners and KazRosGas, LLP, a joint venture between Gazprom, OSC and National Company KazMunaiGaz, JSC have agreed the extension of the existing Karachaganak Gas Sales Agreement (GSA) until January 2038.

The extension of the GSA is an important step in the continued development of the giant Karachaganak field, which will result in supply of additional 120-135 billion cubic meters of gas to OrenburgGasProm till the end of the contract period. It secures enhanced value for the Karachaganak part-

ners and the Republic of Kazakhstan.

The extension of the Agreement also guarantees the availability of a reliable market for the sale of raw gas from Karachaganak, which will enable KPO to timely commence the implementation of the long-term Projects that are aimed at the increase of volumes of liquids and gas during the duration of the FPSA. This will ensure additional income to the budget of the Republic of Kazakhstan.

In addition, the GSA extension will result in a stable supply of gas to the domestic market of the Republic of Kazakhstan, including swap transactions, on a long-term basis.



KPO statement on SPZ and relocation of Berezovka and Bestau villages

panded zone. In accordance with RoK legislation, the government will resettle these communities and KPO fully supports their approach to carry this out in line with international standards.

Renato Maroli, KPO General Director, said "Safety is paramount to our operations and we fully support the Government's decision to expand the sanitary protection zone around the Karachaganak field. KPO and partner companies are fully committed to assist all the authorities with the successful and prompt resettlement of the

residents of Berezovka and Bestau villages. We will dedicate the required resources and engage lead international experts to help implement this process in line with the most advanced international standards."

Resettlement of the two villages will be led by the local government authorities. Pursuant to the Final Production Sharing Agreement relating to the Contract Area of the Karachaganak oil and gas condensate field as of 18 November 1997, the KPO consortium will fund the activities related to the resettlement.

KPO Contractor HSE Forum

10 July, 2015 Karachaganak Petroleum Operating B.V. (KPO) held HSE Forum with its High Risk Contractors Senior Management. About 30 national and foreign Contractor Companies have taken part in the forum. The theme chosen for this forum was "The role of Leaders in Evolving Effective Safety Culture"

Murad Khan, SAI Controller opened the Forum and welcomed all delegates for their seriousness and commitment that they have demonstrated by attending this Forum. He explained the theme of the Forum along with the expected behaviours from "Leaders".

Renato Maroli, KPO General Director in his keynote speech: "Hazard awareness is one of the main goals of any oil and gas Industry Company and we should be focused on the preventing hazards and associated consequences. These challenges which we face in our industry means we must learn to manage hazard awareness issues".

"Leaders have an important role to play in developing safety cultures within their organizations. You all are leaders

and I expect you to understand your role and apply yourself in evolving and maintaining an active safety culture within your Companies" – added Renato Maroli.

During the forum a presentation was delivered on Contractor Supervisor's HSE Competence and their 2014 Pledge. After the presentation 2014 outcomes were presented related to Contractors HSE Supervisors Competence enhancement programme. KPO Corporate Safety Manager reminded that 25 Contractor Companies committed to completing this programme last year by signing the pledge.

As part of this programme Contractor Companies have conducted a competency assessment in 10 key critical HSE areas for all Supervisors.

As recognition, KPO Senior Management delivered their awards to all contractors who have fulfilled the 2014 Pledge.

KPO in Safety Cascade programme was presented to all Contractors in Russian and English languages.

During feedback session the representatives of Contractor Companies

shared their proposals, impressions and recommendations on implementing "KPO in Safety" cascade programme within their companies.

At the forum both KPO and Contractor Companies had the opportunity to engage in HSE Leadership Dialogue map in an effort to understand dilemmas of HSE Leadership and suggest recommendations to evolve an effective safety culture.

The main goal of the dialogue map was to help personnel to share their ideas related to the theme. At the same time the dialogue map will act as a catalyst of further discussions and positive development inside and outside of organisations.

Contractors Senior Management had signed the 2015 pledge as personal commitment to HSE.

At the end of the forum KPO SAI Controller Murad Khan expressed deep gratitude to all participants of the forum. He has also underlined that Contractors HSE Forum is a unique opportunity for sharing experience and knowledge and improving safety at workplaces.



Unit-2 Operators awarded for personal contribution to the HSE

On 18 June, 2015 during the Directors HSE Leadership tour two of Unit-2 Oil and Gas Production Operators, Yevgeniy Syrovatkin and Anatoliy Alzhanov were awarded with the gratitude letters personally from KPO General Director, Renato Maroli.

The reward was presented for their personal contribution to safety and responsibility that they have demonstrated through observations and actions taken when they helped to the man at Unit-2 on 22nd of May, 2015 during the Emergency Response drill. The casualty of the incident became 25-years old AGS worker who fell down/ collapsed on the way to the muster point. The injured person was provided assistance by Yevgeniy and Anatoliy who transported the casualty to the Unit-2 sick bay. After medical examination no serious health damage was detected, the worker returned to his work the next day.

KPO General Director expressed his special thanks to Yevgeniy and Anatoliy for their person-



al timely intervention to the incident and rewarded them with cheques in total amount of 1000\$ USD. Their observations and actions were a key in preventing the full implications of the incident coming to pass.

HSE Awards results

On 5 June, 2015 KPO held HSE Awards ceremony in "Nomad" restaurant in Aksai and announced the winners of the environmental video contest

dedicated to the World Environment Day and winners of Q1 2015 HSE Card programme. 13 entries from 3 KPO Directorates

were submitted to the Contest. The entries had been evaluated by competent jury team.



KPO issues 2014 Sustainability Report

On 3 July 2015 (KPO announced the publication of the 2014 Sustainability Report.

This is the seventh KPO Report disclosing the key aspects and major achievements of the company in environmental, economic and social activity areas. The report aims to demonstrate KPO continuous commitment to global principles of sustainable development.

KPO General Director, Renato Maroli, said: "KPO remains committed to continuing development of the Karachaganak Field with the aim to maximize a sustainable economic value while applying the most advanced technology and adhering to the highest industrial safety and environmental standards."

At KPO we strive to continuously improve our indicators in the area of industrial safety and environmental performance, production efficiency, and local capability development. The latest is achieved through training and promotion of high-potential Kazakh employees and local goods and services use.

During the year, the company conducted extensive measures in the area of HSE, along with providing sustainable

economic profit for corporate partners and the Republic of Kazakhstan with much attention paid to creation of safe and appropriate workplaces for the employees.

"While conducting its production activities for the benefit of the Republic of Kazakhstan and the corporate partners, KPO will continue doing everything possible to maintain the trust of its employees, authorities, local communities and other stakeholders" – added Renato Maroli.

The Sustainability Report 2014 is the second KPO report, which has been produced in accordance with the 'Core' option of the new Guidelines 4 of the Global Reporting Initiative (GRI).

In 2014 KPO was one of the first companies in Kazakhstan to have issued the 2013 Sustainability Report in compliance with the requirements of the Guidelines 4 of the Global Reporting Initiative (GRI).

The accuracy of the data in the Report has been independently verified by EY.



СОБСТВЕННИК:

**НГУ «Редакция газеты
«Панорама Карачаганак»**

Главный редактор О.А. ПЕРЕГУДОВ

090302 Республика Казахстан,

Западно-Казахстанская область, г. Аксай, пр. Абая, 19,

НГУ «Редакция газеты «Панорама Карачаганак»

e-mail: ngu-panorama@mail.ru

Тел./факс 31530, 34760 (бухгалтерия), 35554.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются.

Газета зарегистрирована в Министерстве культуры и информации РК

№13628-Г от 20 мая 2013 года.

Выходит 1 раз в месяц.

Газета отпечатана в типографии

ТОО «Издательство «Золотая книга».

РК, г. Алматы, ул. Брусиловского, 194.

Тел: 8 (727) 2493045. Тираж 4000.